



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ РОЛІ

Канагатова Раушан Нурсагатовна

rkanagatova@mail.ru

8D01103 «Педагогика және психология» БББ докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада құқықтық мәдениет ұғымы, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениеті мәселесі жан-жақты қарастырылып, талданды. Сонымен қоса, құқықтық мәдениеттің құрылымдық компоненттері мен бірқатар орындайтын функциялары қарастырылады.

Annotation. The article comprehensively examines and analyzes the concept of legal culture, the problem of legal culture of future educational psychologists. In addition, the structural components and a number of functions of the legal culture are considered.

Түйін сөздер: Мәдениет, құқықтық мәдениет, болашақ педагог-психологтер, жеке тұлға, құқықтық білім беру, құқықтық сана.

Keywords: Culture, legal culture, future teachers-psychologists, personality, legal education, legal awareness.

Қазіргі Қазақстандағы демократиялық мемлекетті нығайту үдерісіне құқықтық саясаттың [1] әсер ету дәрежесін ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін біздің елдің тұрғындарының құқықтық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын қоғамдық-саяси құбылыс ретінде, сол байланыстар мен қатынастар жүйесіне енгізілгенін түсіну қажет.

Тәуелсіз еліміздің Ата Заңында [2] Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет деп жарияланғаны баршамызға мәлім. Құқықтық мемлекеттің әрбір азаматы құқықтық саналы, құқықтық мәдениетті болуы қажет. Мемлекетіміздің 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы да [3] осыны көздейді. Құқықтық оқыту және құқықтық тәрбие өзара табиғи байланысқан. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру үзіліссіз процесс болуы қажет. Сонда ғана ол өз кезеңінде тұлғалардың заңдарға бағыну санасын қалыптастырады. Құқықтық білімді күнделікті кеңейту және тереңдету әрекеттері өзіндік мазмұнына сәйкес бағытталуы керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмалардың алтыншы бөлігін құқық қорғау институттарын күшейтуге арнады. Азаматтардың құқықтық мәдениеттілігінің деңгейін көрсететін бір белгі - ол азаматтардың

Ата Заңды біліп, түсініп, сақтауы. «Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі...» - деді ҚР Президенті осы Жолдауда.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоғамды демократияландыруға, заңдылықты нығайтуға, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға ерекше назар аударады. Қазіргі заманғы қоғамның талабы - өскелең ұрпақтың білім алуын қамтамасыз ету, сондықтан мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымы, заңдар, рәміздер, адамның құқықтары мен бостандықтары, заңмен белгіленген міндеттер білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі, ал педагог білім алушының институттарға нұсқаушысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында [3]: «Жеке тұлғалар мен ұйымдардың негізгі құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезекте және тиімді қорғауға жататын негізгі ерекшелігіне баса назар

аударылады».

Сонымен қатар, тұжырымдаманың «Құқықтық білім беру, құқықтық насихат» деп аталатын 7-бөлімінде: «Азаматтық белсенділік құқықтық мемлекет болуының қажетті шарты болып табылады, бұл өз кезегінде жеке тұлға мен қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейіне тығыз байланысты. Құқықтық сауаттылықты арттыру, Конституцияда белгіленген негіз қалаушы құндылықтарға сәйкес азаматтардың заңды әлеуметтік-белсенді мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында құқықтық насихат пен құқықтық білім беруге байланысты жоспарлы жұмыстың кешенді түрде ұйымдастырылуы да өзекті.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз құзыреті шегінде жүргізілетін құқықтық саясатты құқықтық жария етумен жүйелі негізде айналысу, сондай-ақ құқықтық насихаттың әртүрлі нысандарын: тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында тарату, құқықтық тәрбие мен құқықтық проблематика бойынша тегін әдебиет шығару, жария іс-шаралар өткізу арқылы қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің негізгі ережелері туралы хабардар ету қажеттілігі де қарастырылған».

Мемлекеттегі мәдени және құқықтық нормалардың даму деңгейі құқықтық қатынастардың даму дәрежесіне, сондай-ақ қоғамдық тәртіптің сақталуынан көрініс береді. Құқықтық прогрестің анықталуы кез келген мемлекеттің құқықтық білімін, сондай-ақ құқықтық мәдениет ұғымын айқындайды [4].

Құқықтық мәдениет - бұл құқықтық білімнің, еңбек процесінде жүзеге асырылатын жеке сенімдердің, тұлғааралық қарым-қатынастың, мінез-құлықтың жиынтығын, сондай-ақ тұлғаның рухани және материалдық құндылықтарға қатынасын қамтитын ұғым [5].

Құқықтық мәдениет – жеке тұлғаның жоғары саяси және азаматтық қасиеттерін қалыптастырады, әлеуметтік-құқықтық белсенділігін арттырады, құқықтық сана мен мінез-құлық қағидаларын және мәдениет нормаларын, демократиялық қоғам құру белсенділігін күшейтеді, қазақстандық ұлтжандылықты, патриоттықты терең ұғынып, оны орнықты ету үшін идеялар мен басым қағидаларды қолдауға және жүзеге асыруға, құқықтық сана-сезімді қалыптасыру мақсатында нақты қарым-қатынастар жасауға мүмкіндік береді [6].

Құқықтық мәдениет - әлеуметтік-саяси құндылықтарды нығайтатын құқықтық-саяси жүйедегі адамдардың шығармашылығының үрдісі мен нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық мәдениет әлеуметтік тәжірибеге еніп, жалпы адамзаттық аспектілердің біріне айналған. Қазақстанның құқықтық мәдениетінің жасаушысы да, ұйымдастырушысы да - тұлға болып табылады.

Құқықтық мәдениет қызметіндегі жеке тұлға құқық пен саясат саласын меңгерген, әрі Қазақстан мемлекеті мен оның қоғамына қатысты заңдық кәсіби этикадан тұратын құқықтық мәдениетті білу маңызды. Қазақстан қоғамының құқықтық мәдениетінің оңтайлы шешіміне жету үшін Қазақстан Республикасының құқықтық мәдениетінің құндылықтары мен жүзеге асыру ережелері зерттелуі тиіс. Сонымен қатар, құқықтық және әлеуметтік-саяси жүйені жаңалау барысында біз адамдардың жеке тұлғалығы мен ұлттық мәдени ерекшеліктерді ескеруіміз қажет.

Құқықтық мәдениет негізінен құқықтық заң нормаларын түсініп білуден, оларды қоғамда қолдану, іс-тәжірибеде орынды пайдалана білу қағидалары нарыла қалыптасады.

Еліміздің басты заңы Конституцияда айқын жазылғандай, біздің еліміз өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде белгілеп, адамның құқықтары мен бостандықтарын алға қойып, оның қымбат қазына болып табылуы ретінде қарастырады.

Ал, құқықтық мемлекеттерде азаматтардың құқықтарының, міндеттерінің және бостандықтарының қорғалуы, біріншіден, олардың құқықтық сауаттылық пен құқықбұзушылыққа жол бермеуі сана деңгейіне байланысты білдіріледі [7].

Міне, бұл құқықтық мәдениет және заңдық этика болып табылады.

Әрбір азамат үшін қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылса, оның қазыналылығын түсініп, бағалай білу, құқықтық сана мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылатыны айқын және біз оны терең түсінуіміз шарт.

Дегенмен, құқықтық мәдениет кез келген азаматтың өмір сүру құндылығы ретінде

дербес ішкі тәлім-тәрбиесінен көрініс бермей, жалпы мәдениеттің талап ететін қажеттілігі ретінде оны бойға дарыту мүмкін емес.

Осыған байланысты біздің мемлекетімізде әрдайым құқықтық мәдениетті заң талаптарын бұлжытпай орындап, құқық нормаларын қатаң қолдану арқылы ғана қалыптастырып жүзеге асыру бағыты қолданылады.

Осы жерде айта кететін жайт, заңды білмеу және құқықтық сауатсыздық жауапкершіліктен босатпайтындығы қатаң ескертіледі.

Бірақ, құқықтық сауатсыздық пен заң нормаларынан кез келген азаматтың хабары жоқтығы мен құқықтық мәдениеттің болмауы дәлірек айтқанда оның негізін түсіне алмау екендігі көп ескеріле бермейді.

Міне, осы жағдаяттардың негіз-салдары құқықтық мәдениетті қалыптастырып жетілдіру жұмыстарының реттелуіне шын мәнінде кедергі келтіретіні аян.

Құқықтық мәдениетке: құқықтық сана-сезім, құқықтық психология, құқықтық идеология, құқықтық білім, құқықтық эмоция және құқықтық нигилизм мен заңдық идеализм кіреді. Қазақстанның құқықтық мәдениеті әлеуметтік-саяси болмыс феномені ретінде жекелеген және оқшауланған құбылыстардан тұрмайды, бірақ біршама тұтас құрылымды білдіреді. Бұл жүйенің компоненттері ретінде жеке компоненттерге тән интегралды қасиеттерді анықтайтын тұтастық [8]. Қазақстанның құқықтық мәдениетін әлеуметтік-саяси феномен ретінде айқындайтын көрсеткіштер мен эмпирикалық индикаторлар жүйесін құру саяси зерттеу проблемасын шешудің тұжырымдамалық құралы болып табылады деп айтуға болады. Бұл жеке тұлғаның экономикалық еркіндігі, яғни, жеке шаруашылық қызметінің кез-келген саласымен айналыса алуы деген сөз. Бұл ұғымға тұтыну еркіндігі мен жекеменшікке қол сұқпаушылық та жатқызылады.

Кез-келген мемлекет азаматтарының құқықтық мәдениеті тарихи құқықтық жүйенің жетілу дәрежесінің және халықтың тарихи дамуының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан әр мемлекеттің құқықтық мәдениеттің өзіндік даму деңгейі бар және бұл көрсеткіш біздің мемлекетімізді өркениетті деп атауға мүмкіндік береді. Мұндай елдің азаматына келетін болсақ, оның құқықтық мәдениетін білдіретін негізгі сипаттамалар-адамгершілік пен мораль, өйткені бұл қасиеттер қоғамдағы өмірдің қажетті атрибуттары болып табылады.

Құқықтық мәдениет бірқатар функцияларды орындайды. Атап айтсақ:

Танымдық-жаңғырту функциясы – тұлғаның тандау еркіндігі, әдептілік, адалдық, қадір-қасиет, өзін-өзі бақылау және т.б. сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды құрумен байланысты. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыруға, сондай-ақ жеке және топтық мүдделерді үйлестіруге көмектеседі, сонымен қатар адамды қоғамдық дамудың орталығы ретінде көрінеді.

Құқықтық-реттеуші функция. Құқықтық реттеу элементтері жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді, сол арқылы тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысын бақылайды.

Құндылықтық-нормативтік функция. Өзін санада, іс-әрекетте және әлеуметтік институттарда құндылық алатын фактілер арқылы жүзеге асырады.

Құқықтық-әлеуметтену функциясы. Бұл жеке тұлғаның құқықтық қасиеттерін қалыптастыруға әсер ететін фактор.

Болжамдық функция. Құқықтық реттеуді қолданудың мәнін түсіндіреді, мәдени-құқықтық құндылықтарды іске асыру үшін құралдарды пайдалануды тандауға жауап береді.

Коммуникативті функция. Құқықтық мәдениет заң саласындағы азаматтардың қарым-қатынас құралы ретінде әрекет етеді, бұқаралық коммуникация құралдарының көмегімен қоғамда қалыптасқан құқықтық мәдениеттің берілуіне ықпал етеді, Бұқарада өткеннің саяси ілімдеріне оң көзқарас қалыптастырады және т. б.

Интегративті функция. Азаматтық нормалар, идеялар, дәстүрлер мен принциптер негізінде әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіру.

Құқықтық мәдениеттің элементтері-құқық, құқықтық сана, құқықтық қатынастар,

тәртіп және заңдылық. Құқықтық мәдениетте әлеуметтік институттар жүйесі бар, олар: сот, прокуратура, полиция, түрлі заң шығарушы органдар. Қазіргі құқықтық мәдениеттің принциптері-теңдік, бостандық және әділеттілік. Осы орайда, әлеуметтік стандарты бар мәдени адамның құқығы, оның көмегімен адамдарды «өлшеуге» және құқықтар мен міндеттерді теңгерімді түрде үйлестіруге болады.

Болашақ маманның құқықтық мәдениеті өскелең ұрпаққа адам құқықтарын құрметтеуге және құқықтық мәдениетке демократиялық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік беретін орталық элементтердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеулер көрсеткендей жалпы білім беретін мектептердегі педагогтердің құқықтық мәдениетін арттырмайынша, жүргізілетін жұмыстар нәтижесінің сапасы өзгеріссіз болуы ықтимал. Осыдан, құқықтық мәдениет мәселесі салыстырмалы түрде теориялық талдаудың объектісіне айналғанын көре аламыз және педагогикалық-психологиялық зерттеулердің пәндік аймағында пайда болуы тиіс деп есептейміз.

Құқықтық мәдениет ұғымының аясы әлі де зерттеуді қажет етеді. Мәселен, Н.М. Кейзеров құқықтық мәдениеттің анықтаушы белгісін идеологиялық қатынаспен байланыстырады, ал, В.И. Каменская мен А.Р. Ратинов [9] құқықтық мәдениет жөнінде құқық саласына жататын адамдардың мінез-құлқы мен санасында көрініс беретін материалдық және идеалды элементтер жүйесі деп қарастырады. Жастарға құқықтық тәрбие беруші мамандарды даярлау Л.А. Байсеркеев, Л.К. Керімов, Г.К. Пралиева, В.В. Берман, Г.О. Медетбекова, В.П. Понамарева, Э.З. Бабаев, С.В. Зверева және т.б. [10] зерттеді. Осылайша, құқықтық мәдениетті зерттеуге құқықтық-философиялық және психологиялық-педагогикалық тұғырларды қолдануға болатындығын аңғарамыз. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастырмас бұрын, болашақ педагог-психологтердің өзі құқық саласындағы білімнің үлкен бағажына ие болуы және олардың әлеуметтік маңыздылығын білуі керек. Болашақ ұрпаққа мәдениетті трансляциялау педагог-психологты жауапты ғана емес, мәдениетті де етеді. Болашақ педагог-психолог әр адамның жеке басының бағдарын қалыптастыруға жауап береді.

Қорытындылай келе, біріншіден, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениеті - бұл қазақстандық қоғамның кемелденуінің адамгершілік-әлеуметтік негізін құрайтын бастапқы айқындаушы идеялар, талаптар, ұстанымдар; екіншіден, құқықтық мәдениетке қойылатын негізгі талап қоғам мен жеке адамның әлеуметтік-құқықтық өмірінің сапасы мен деңгейін арттыру болып табылады деп айтуға болады. Бұл азаматтар мәртебесінің кепілдігін қамтамасыз етуде, Қазақстанның саяси билігі іс-қимылының келісімділігінде және болжамдылығында көрініс табуы мүмкін.

Бүгінгі таңда қазақстандықтардың құқықтық мәдениетінің пісіп-жетілген мәселелерін шешу тұтастай алғанда қоғамның бірігуіне және әлеуметтік прогреске, демократиялық, әділ қоғамның тұрақтылығына ықпал етуі маңызды.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007ж., №546 Қаулысы. – Астана: Ақорда, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы -Алматы: Жеті жарғы. 1998-100б.
3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
4. Бабаев В.К. Теория государства и права / В.К. Бабаев. - М.: Юрист, 2017. - 575 с.
5. Давыдов Г.П. Основы правового воспитания учащихся общеобразовательных школ / Г.П. Давыдов. - М., 2016. - 45 с.
6. Шайдуrow А.А. Педагогические условия развития правовой культуры будущих учителей / А.А. Шайдуrow. - Екатеринбург, 2018. - 123 с.
7. Кейзеров Н.М. Политическая и правовая культура: методологические проблемы / Н. М. Кейзеров. - М.: Просвещение, 2017. - 214 с.

8. Каминская В.И. Правосознание как элемент правовой культуры. Правовая культура и вопросы правового воспитания/ В. И. Каминская, А. Р. Ратинов. - М., 2015. - 128 с.

9. Вавилин, Е. В. Благоприятная правовая среда как условие беспрепятственного осуществления прав и исполнения обязанностей Текст. / Е. В. Вавилин // Российский юридический журнал. 2009. - № 3. -С. 61-66.

10. Серкебаев, Д. Ж. Құқықтық мәдениет - Қазақстанның құқықтық саясатының маңызды факторы /Д.Ж. Серкебаев, К.З. Кипшакбаев. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. 2021. - № 5 (347). -С. 380-383.

ҒТАМР 14.29.23

ЛОГОПЕД-ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНДА НЕЙРОГИМНАСТИКАНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кәдірбай Әсел Бейбітқызы

asel.kadirbai17@bk.ru

«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының аға оқытушысы. **Туганбаева Ақерке Берикқызы**

tuganbaeva.aisulu@icloud.com

6В01901 «Логопедия» БББ 2 курс студенті

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақала сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопед-дефектологтың түзету жұмыстарында нейрогимнастиканы қолдануды зерттеуге арналған. Ол нейрогимнастиканың негізгі принциптері мен әдістерін қарастырады, сонымен қатар олардың сөйлеу және қозғалыс дағдыларын дамытудағы тиімділігін талдайды. Нақты тіл мен сөйлеу бұзылыстарын түзету құралы ретінде нейрогимнастиканың маңыздылығын растайтын ғылыми зерттеулерді шолуға ерекше назар аударылады. Мақалада сөйлеу бұзылыстарын емдеудегі пәнаралық тәсілдің маңыздылығы атап көрсетіліп, нейрогимнастикалық жаттығуларды логопедиялық тәжірибеге енгізудің артықшылықтары негізделеді.

Abstract: This article is devoted to the study of the use of neurohymnastics in the correctional work of a speech pathologist with children with speech disorders. It examines the basic principles and techniques of neurohymnastics, as well as analyzes their effectiveness in the development of speech and motor skills. Special attention is paid to the review of scientific studies confirming the importance of neurohymnastics as a tool for correcting specific disorders of language and speech. The article emphasizes the importance of an interdisciplinary approach in the treatment of speech disorders, substantiates the advantages of integrating neurogymnastical exercises into speech therapy practice.

Түйін сөздер: нейрогимнастика, логопедия, коррекциялық жұмыс, сөйлеу бұзылыстары, пәнаралық байланыс, когнитивті дамыту, моторика.

Key words: neurogymnastics, speech therapy, correctional work, speech disorders, interdisciplinary approach, cognitive development, motor skills.

Соңғы жылдары балалардың сөйлеу бұзылуын түзетудің инновациялық әдістерін әзірлеуге және енгізуге айтарлықтай көңіл бөлінді. Осы саладағы перспективті бағыттардың бірі нейрогимнастиканы қолдану болып табылады - сөйлеу бұзылуын түзету үшін өте маңызды болып табылатын мидың жүйке белсенділігін ынталандыруға және қозғалысты дамытуға бағытталған жаттығулар кешені. Бұл әдіс нейропластикалық қағидаларға негізделген - тәжірибе мен жаттығуларға жауап ретінде мидың өзгеру және бейімделу қабілеті.